

**«Келешек мектептері» ұлттық жобасын (бұдан әрі – Ұлттық жоба)  
іске асыруға қатысты Қоғамдық кеңес отырысында көтерілген  
сұрақтарға жауаптар**

---

**1. Тауарлар мен құрылыс-жөндеу жұмыстарындағы жергілікті қамту үлесіне қатысты**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысына сәйкес, отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған бірқатар іс-шара қарастырылған, соның ішінде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ мен мердігер ұйымдар арасында жасалған «толықтай тапсыру» үлгісіндегі жобалау және құрылыс жөніндегі келісімшарттарда тауарлар мен жұмыстарды негізінен отандық өндірушілерден сатып алу міндеттемесі бекітілген. Бұл талаптарды бұзған жағдайда айыппұл санкциялары салынады.

Жалпы алғанда, мектептер пайдалануға берілгеннен кейін анықталатын ЕРС келісімшарттары бойынша жергілікті қамту үлесі орта есеппен **89%** құрайды, оның ішінде:

- тауарлардағы (материалдар мен жабдықтар) жергілікті қамту үлесі – **76%**;
- жұмыстардағы жергілікті қамту үлесі – **100%**.

**2. Жеделсаты мен инклюзивті білім беруді қолдау кабинеттеріне қатысты**

1) «Халықтың қозғалысы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып ғимараттар мен құрылыстарды жобалау» ҚР ҚН 3.06-101-2012 талаптарына сәйкес, қозғалысы шектеулі адамдардың ғимаратқа кедергісіз кіруін қамтамасыз ету мақсатында пандустар орнату ұсынылады (4.3.2.17-тармақ). Биіктігі 0,8 метрден жоғары болған

жағдайда пандус көтергіш құрылғылармен алмастырылады (4.3.2.20-тармақ).

Алайда Қазақстан Республикасында ғимараттарды қолданысқа енгізу жағдайы бойынша, ашық ауада көтергіш платформалар орнату қолданбалы тұрғыдан тиімсіз. Себебі, қыс мезгілінде механизмдер мен гидравликаның қатып қалу қаупі бар, мұз бен қар жиналу салдарынан пайдаланушыларға қауіп төнуі мүмкін, сондай-ақ жылыту мен техникалық қызмет көрсету шығындары артады.

Осы жағдайларды ескере отырып, 0,8 м-ге дейінгі жағдайда мектептердің кіреберісінде пандустар, ал одан жоғары жағдайда көтергіш құрылғылар орнату көзделген.

Осылайша, таңдалған жобалық шешімдер қолданыстағы нормативтерге толық сәйкес келеді және қозғалысы шектеулі топтар үшін мектептердің қауіпсіз әрі жыл бойы қолжетімді болуын қамтамасыз етеді;

2) және 4) **Шорнақ ауылдық округіне қарасты Аша ауылының** мектебінде, сондай-ақ барлық мектептерде 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 Үкімет қаулысына сәйкес, ауданы 40 м<sup>2</sup> инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті бар *(растайтын фото және бейнематериалдар жұмыс тәртібінде ұсынылған)*.

*Анықтама:*

*2022 жылғы 30 қарашадағы №963 Үкімет қаулысына сәйкес, мектеп жобаларында ауданы кемінде 35 м<sup>2</sup> болатын бір инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті қарастырылған.*

*Осылайша, барлық 208 мектепте ауданы 35-тен 55,23 м<sup>2</sup>-ге дейінгі бір кабинет ашылған.*

*Жалпы, барлық мектеп ғимараттары пандустармен жабдықталған, дәліздер мен есік ойықтарының ені нормативке сай, қозғалысы шектеулі адамдар үшін акт залдары мен кітапханаларға қолжетімділік қамтамасыз етілген, спорт*

*залдарындағы киім ауыстыру бөлмелері мен санитарлық тораптар да талаптарға сай жабдықталған;*

3) Сыйымдылығы 300-ден 2000 орынға дейінгі мектептерде **бір жолаушылар жеделсатысы** (2500 орынға арналған мектептерде екі жеделсаты) қарастырылған. Жеделсатылардың кабина параметрлері, есік ойығының өлшемдері, батырмалардың биіктігі және тұтқалардың болуы жөніндегі талаптарға сәйкес келеді. «Халықтың қозғалысы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер» ҚР ҚН 3.0-01-2011 және ҚН 3.06-101-2012 нормаларына сай, жеделсатының өлшемдері кемінде ені 1300 мм және тереңдігі 2100 мм болуы тиіс – бұл талап Ұлттық жоба аясында толық ескерілген.

### **3. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласының «Атырау» ықшам ауданында 1200 орындық мектепте спорт залы шатырының опырылуына қатысты**

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, шатырдың опырылуы құрылыс материалдарын сақтау және орналастыру талаптарының бұзылуынан болған. Атап айтқанда, спорт зал ғимаратының шатырының бір бөлігіне салмағы 6 тоннадан асатын құрылыс материалдары қойылған, бұл өз кезегінде құрылымның бір бөлігінің бұзылуына алып келген.

Оқиғаның мән-жайын жан-жақты зерттеу мақсатында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басшылығы, техникалық және авторлық қадағалау өкілдерінен тұратын комиссия құрылды. Сонымен қатар, құрылымдардың көтеру қабілетін және жобалық шешімдерге сәйкестігін тексеру үшін «КаспийТехСтройПроект» ЖШС-мен нысанға техникалық зерттеу жүргізуге шарт жасалды. Қорытынды 2025 жылғы 10 қазанда шығуы тиіс.

Опырылу салдарын жою үшін 40 күндік мерзімге (2025 жылғы 13 қазанға дейін) жұмыс өндірісі жобасы (ЖӨЖ) әзірленіп, бекітілді. Қалпына

келтіру жұмыстарының нақты мерзімі техникалық зерттеу қорытындысына байланысты айқындалады.

Анықталған барлық залал мердігердің өз күшімен және өз қаражаты есебінен жойылады.

Мектепті уақытылы пайдалануға беру мақсатында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (*бұдан әрі – Қоғам*) бас мердігер «Turan Ascent» ЖШС және өңір әкімдігімен бірлесіп, жұмыс күші мен техниканы арттыру, сондай-ақ ресурстарды қайта бөлу бойынша шаралар қабылдап жатыр.

Сонымен бірге, жұмыс кестесінің орындалуына үздіксіз мониторинг жүргізілуде. Барлық тараптардың қатысуымен құрылыс нысандарында апталық көшпелі кеңестер өтуде. Авторлық және техникалық қадағалау сарапшылары «eQurylys» ақпараттық жүйесінде апталық және айлық есептерді ұсынады, ал бас мердігер ұйымдар – апталық фотоесептерді тапсырады.

**4. «Келешек мектептері» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысына (*бұдан әрі – ҚР ҰК*) сәйкес, Қоғам орта білім беру ұйымдарының жаңа нысандарын мақсатты түрде салуды жүзеге асырады. Бұл - нысандардың құрылысына, сондай-ақ жаңа оқу орындарын «толықтай тапсыру» қағидаты бойынша пайдалануға беруге байланысты тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды көздейді.

Барлық 208 нысан бойынша Қоғам консорциум жетекшілерімен (*бұдан әрі – мердігерлер*) жобалау және құрылыс жүргізу жөнінде «толықтай тапсыру» түріндегі шарттар жасасты (*бұдан әрі – шарттар*).

*Анықтама:*

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 651-бабының 3-тармағына сәйкес, **«толықтай тапсыру»** шарты бойынша мердігер құрылысты және оның қамтамасыз етілуі бойынша **барлық жауапкершілікті** өз мойнына алады және шарт талаптарына сәйкес нысанды тапсырыс берушіге **пайдалануға дайын күйде** тапсыруға міндетті.

Қоғам жасасқан шарттарда мердігердің тауарларды (жабдықтарды) сатып алу бойынша келісімшарттарды уақтылы жасасу міндеттемесі және бұл міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілігі бекітілген. Сонымен қатар, шарттарда тауарлардың (жабдықтар) 3 жылдық кепілдік мерзімі көрсетілген.

*Анықтама:*

*Шарттың 5.1.7-тармағына сәйкес, **мердігер** кешенді ведомствоаралық сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде нысан бойынша **жиһаз, оқу жабдықтары, инженерлік және интерактивті бағдарламалық қамсыздандырумен бірге жабдықтарды жеткізу бойынша шарттар жасасуға міндетті.***

*Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда (14-бөлімде көзделген жағдайларды қоспағанда), тапсырыс беруші әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ жалпы соманың 10%-ынан аспайтын айыппұл салуға құқылы (10.7-тармақ).*

*Нысанның құрылымдық элементтеріне кепілдік мерзімі – 120 ай, ал ішкі әрлеу материалдарына, инженерлік жүйелерге және жабдықтарға – 36 ай болып белгіленген. Бұл мерзім нысанды пайдалануға қабылдау актісі уәкілетті мемлекеттік органда тіркелген күннен бастап есептеледі (9.7-тармақ).*

Осылайша, жабдықтарды жеткізу мәселелері мердігерлердің айрықша құзыретінде, және бұл бағыттағы барлық міндеттемелер мен жауапкершілік шарттар шеңберінде соларға жүктелген.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сараптама» РМК-ның жобалық-сметалық құжаттамасының (ЖСҚ) оң қорытындыларына сәйкес, мектеп ауқымына қарай «Технологиялық шешімдер» (жиһаз, кеңсе техникасы, оқу құрал-жабдықтары, мектеп жабдықтары) бөлімі құнының орташа үлесі төмендегідей:

1. 300 орынға арналған (39 мектеп) – 12,03%;
2. 600 орынға арналған (47 мектеп) – 12,76%;
3. 900 орынға арналған (26 мектеп) – 13,22%;
4. 1200 орынға арналған (35 мектеп) – 14,79%;
5. 1500 орынға арналған (22 мектеп) – 14,88%;

6. 2000 орынға арналған (37 мектеп) – 14,50%;
7. 2500 орынға арналған (2 мектеп) – 13,79%.